

5. Поташник М.М. Управление профессиональным ростом учителя в современной школе: Методическое пособие. М.: Центр педагогического образования, 2010 г.

## **ACTION RESEARCH(AR) ЗЕРТТЕУ ТӘСІЛІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Ельжанова Гайни Малдыбаевна  
Қостанай қ. физика-математика  
бағытындағы Назарбаев Зияткерлік  
мектебінің математика пәні мұғалімі

### **Аннотация**

*Бұл мақалада Action Research(AR) зерттеу тәсілінің маңызы, зерттеу тәсілінің өзіндік ерекшеліктері, зерттеуді жүргізу кезеңдері жайында айтылады.*

*Өзектілігі. Action Research тәсілі дүниежүзілік педагогикалық зерттеу тәсілдерінің бірі болып саналады.*

*Мақсаты. Әріптестерімді Action Research зерттеу тәсілімен таныстырып, оның құрылымы мен ерекшеліктері жайында ой бөлісу.*

### **Аннотация**

*В этой статье говорится о важности исследовательского метода Action Research, об его особенностях и этапах исследования.*

*Актуальность. Action Research является одним из ведущих в мире педагогических исследовательских методов.*

*Цель. Ознакомить своих коллег с исследовательским методом Action Research, поделиться идеями о его особенностях и структуре.*

### **Abstract**

*This article talks about the importance of the research project Action Research, about its features and stages of research.*

*Relevance. Action Research is one of the world's leading pedagogical research technique.*

*Goal. To acquaint his colleagues with the research technique Action Research, will share ideas about its features and structure.*

**Түйінді сөздер:** Action Research, зерттеу, тақырып, цикл, нәтиже.

**Ключевые слова:** Action Research, исследование, тема, цикл, результат.

**Keywords:** Action Research, research, topic, cycle, result.

«Біз бүгінгі жаңа атаулы ертең-ақ ескіге айналатын, жүрісі жылдам дәуірге аяқ бастық. Бұл жағдайда кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жетеді» деген болатын Н.Ә. Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар-рухани жаңғыру» атты мақаласында. Заман талабына сай функционалды сауатты жас ұрпақ тәрбиелеу мұғалімнің кәсіби құзыреттілігіне байланысты.

Еліміз оқу жүйесін түбегейлі жаңартуға бел буған. Қазіргі заманда, қоғам мектептегі мұғалімге жаңаша талап қойып отыр. Бүгінде мұғалімнің біліктілік деңгейі де, ішкі жан дүниесі де жетілген, жан-жақты болуы керек, өйткені біз алдарымыздағы отырған оқушыларды рухани жан-дүниесі бай, білімді, тәрбиелі, жан-жақты дамыған жеке тұлға ретінде қалыптастыруымыз керек. Бізден кейінгі ұрпақты біліммен сусындату, өз алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда қолдана білетіндей дәрежеге жеткізуіміз керек. Уақыттан қалыс қалмау үшін мұғалім әркез өз деңгейін жан-жақты жетілдіріп отыру керек. Сондықтан, дүниежүзі мұғалімдері қолданатын зерттеу жұмыстарына біз де белсенді араласуымыз керек деп ойлаймын.

Action Research зерттеуін Lesson Study зерттеу тәсілінің аналогы деп қарастыруға болады. Бірақ, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар.

Lesson Study – мұғалім тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған, сабақтағы іс-әрекеттегі зерттеудің ерекше үлгісі болып табылатын педагогикалық тәсіл.

Lesson Study-ге шараны бірлесе жоспарлап, өткізетін, қадағалайтын, оқыту мен оқуды талдай отырып, өз қорытындыларын қағаз бетіне түсіретін мұғалімдер тобы қатысады. Lesson Study-ді бірлесіп жоспарлап, сабақты өткізу барысында зерттелетін үш оқушыны үнемі назарға ала отырып, оқыту әдістемесін пайдаланады және оның нәтижелерін мұқият зерттейді. (Пит Дадли, 2012 .Lesson Study: нұсқаулық).


Ал, Action Research зерттеуі дегеніміз не? Оның оқытушылар үшін қандай пайдасы бар? Басқа зерттеу жұмыстарынан айырмашылығы қандай? Мақала осы сұрақтар төңірегінде болады.

Ғылым саласына «Action Research» деген санаттың енгізілуі әдетте Курт Левиннің (1946) атымен байланыстырылады және бұл терминді пайдалана отырып еңбек шығарған бірінші адам болса да, ол бұл идеямен ертеректе 1913 жылы Вена қаласында басылып шыққан жұмыс арқылы Германияда танысты деген болжам бар (Altrichter H. & Gstettner P.,1992).

Зерттеу жұмысы мұғалімге күнделікті оқу үдерісінде кездесіп жүрген проблеманы анықтап, оны шешу бағытында бірнеше (мақсатқа жеткенге дейінгі) айналымдық әрекет жасауға мүмкіншілік береді.

Екінші сөзбен айтқанда, бұл жоба практика мен теорияны ұштастыратын жоба. Яғни, зерттеу оқыту мен оқу тәжірибесін анағұрлым жетілдіру мақсатында практиктің жеке жағдайында орындалады және соған бағытталған әрекеттерге негізделеді. Төмендегі суретте айналымның қалай орындалатыны көрсетілген:

Action Research зерттеудің айналымы:



Яғни, сыныптағы сабақ үрдісі бойынша проблеманы анықтап, тақырып таңдалғаннан кейін, іс-әрекет жоспарлау, әрекет, бақылау және бағалау кезеңдерімен кезектесіп жүзеге асады. Кейбір жағдайларда бағалаудан зерттеу жалғасын табу керек екенін көруге болады. Зерттеу жұмысы қайта жоспарланып, екінші айналым жүргізіледі. Зерттеу жұмысы бірнеше циклдан тұруы мүмкін. Және де бір зерттеуге бір ғана емес екі немесе одан да көп мұғалім қатысуы мүмкін. Зерттеу жұмысы мектеп ішінде, бірнеше мектептер мұғалімдері ұжымында жүргізілуі мүмкін. Яғни, олардың идеялары тұтасқан жағдайда.

Action Research зерттеуінің бірінші, негізгі кезеңі тақырып таңдау. Тақырып қандай болуы керек? Бірінші, менің ойымша оқыту процесіне оң әсерін беру керек. Екінші, ол тақырып сізге жақын боуы керек, яғни алынған мәселе сізді көп ойландырады, немесе оны шешу үшін сіздің кейбір ұсыныстарыңыз бар.

Мен алғаш, 2015-2016 оқу жылында Action Research зерттеуі жайында мектеп ішінде өтілген семинарында естідім. Егер оның қолданысы 1947 жылдан басталғанын ескерсек, біздің біршама жылдарды жоғалтып алғанымызды көруге болады.

Мен бірінші жылы, тақырыбымды мұғалімнің игерілмеген тақырыптары деп алдым. Бұл проблеманың бар екеніне ұстаздар, әсіресе математика пәні мұғалімдері келіседі деп ойлаймын. Советтік білім жүйесінен батыс білім жүйесіне қарай ауысқан кезде математикада кейбір тақырыптарға, мысалы «Ықтималдықтар теориясына», «Комбинаторикаға», ерекше көңіл бөліне бастады. Бастапқы кезде бұл математика пәні мұғалімдері үшін қиындық туғызды. Менің ойымша, қазіргі кезде оқу әдістемесіне көп көңіл бөлінеді де, пән бойынша оқытушы деңгейін көтеру екінші орында қалып отыр.

Айналымның екінші кезеңі іс-әрекет жасау. Осы жерде айтып өтетін жағдай, Action Research(AR) алғашында қазақша іс-әрекетті зерттеу деп, орысша исследование в действии деп аударылды. Соңынан, дәл аударма болмағандықтан, ағылшын тілінде өзгертілмей қалдырылды.

Менің жоспарымда сауалнама алу арқылы математика пәні мұғалімдерінің қандай тақырыпқа қосымша курстар алғысы келетінін анықтап, сол тақырыптар бойынша әріптестеріммен бірге видеосабактар, әдістемелік құралдар, есептер жинағын ұйымдастыру тұрды. Жұмыс жүйесі нақтылау үшін әріптестеріммен ой бөлісіп, сауалнамалар алдым. Алғашқы сауалнаманың мақсатын төмендегі кестеден көруге болады:

| № | Сұрақ.   | Жауап. |
|---|--|--------|
| 1 | Алғаш іс-әрекеттегі зерттеу (AR) туралы қашан естідіңіз?                           |        |
| 2 | Сіздің пәніңіз.  |        |
| 3 | Өзіңіздің пәніңіз бойынша толық игерілмеген тақырыптар бар деп ойлайсыз ба?        |        |
| 4 | Өзіңіздің пәніңіз бойынша толық игерілмеді деген тақырыпқа мысал келірсеніз.       |        |
| 5 | Осы проблема бойынша сіз әріптестеріңізбен бөлісесіз бе? (Ойыңызды ашып жазсаңыз.) |        |
| 6 | Осы проблеманы қандай жолдармен шешуге болады деп ойлайсыз?                        |        |
| 7 | Осы проблема бойынша қандай сұрақ қойылмады деп ойлайсыз?                          |        |

Жылдың аяғында «Комбинаторика негіздері» атты мұғалімдерге арналған нұсқаулық ұсынылды.

Менің идеямның жүзеге асқаны осы нұсқаулықтың кең көлемде қолданысқа ие болуына байланысты еді. Біз өз зерттеуімізден пайдалы нәтиже алғанда ғана, әріптестерімізге ұсыныстар жасай аламыз. Зерттеу жұмысының негізгі бағыты- оқыту бойынша пайдалы ұсыныстар жасап, оның дұрыстығын дәлелдеу.

Келесі оқу жылында, мектептегі Action Research зерттеуі бойынша жетекшіміз, әріптесім Әмір Серікұлы бұл проблеманың өте ауқымды екенін айтып, тақырыпты өзгертуімді сұрады. Менің айтайын дегенім, тақырыпты таңдағанда, кең көлемді емес, керісінше, белгілі мерзімде орындай алатындай қол жетімді проблеманы қарастыру керек.

Биылғы оқу жылында, Action Research зерттеуі бойынша мен «қайталау технологиясын қолдану арқылы оқушылардың есте сақтау қабілетін жетілдіру» тақырыбын алдым. Жоғарыда айтылып өткендей, тақырып маған жақын болды. Яғни, оны ашып, зерттеу қиын болмайды деп ойладым. Зерттеуге өзім сабақ жүргізетін 12

«А» сыныбының оқушыларын алдым. Жоспар бойынша оқушылар үш төрт рет дайындық бағалауға қатысып, оқу жылының аяғында математикадан он бір оқушы сыртқы жиынтық бағалауға қатысады.

Жұмыс аяғында барлық нәтижелер енгізіліп, диаграмма, кесте, баяндау арқылы оқушылардың білім деңгейі динамикасы көрсетіледі. Нәтиже бойынша мен әріптестеріме ұсыныстар бере аламын.

Осы мақала сіздің де Action Research шеңберінде өз зерттеуіңізді жүргізуге оң әсерін береді деп ойлаймын.

Жасалып жатқан шаралардың бәрі оқытудың тиімділігіне бағытталғандықтан, Қазақстанның жас ұрпағының білім деңгейі жылдан-жылға толыса бермек!

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. "Айқын" республикалық қоғамдық-саяси газеті, сәуір-2017
2. Kemmis, S., and McTaggart, R. (1990). *The Action Research Planner* Geelong: Deakin University Press
3. <https://uchitelya.kz/load/20-1-0-484>
4. Alberta Teacher Association (2000). *Action research Guide*. <http://www.teachers.ab.ca/SiteCollectionDocuments/ATA/Publications/Professional-Development/ActionResearch.pdf>.

### **СОВРЕМЕННОЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЕ ПРОСТРАНСТВО И СОВРЕМЕННЫЙ ЧИТЕЛЬ SOVREMENNOE OBRAZOVATEL'NOE PROSTRANSTVO AND MODERN UCHITEL**

Svetlana Zavarina

State Humanitarian-Technological University, Associate Professor, Chair of Pedagogics of Primary and Preschool Education, PhD (pedagogical sciences)

Ermolinskaya Elena Alexandrovna,

State Humanitarian-Technological University, Associate Professor, Chair of Pedagogics of Primary and Preschool Education, PgD (pedagogical sciences)

#### **Аннотация**

*Мақалада әлеуметтік-мәдени жағдайды өзгерту, өнердің жаңа формаларын белсенді дамыту және олардың мектептегі білім беру үдерісіне әсері уақытша болу үшін тұрақты жаңаруды талап ететін мәселелер туындайды. Педагогикадағы инновациялардың табысты дамуы мұғалімнің шығармашылық ойлау және педагогикалық шығармашылық қасиеттеріне, студенттерге қойылатын жалпы критерийлер мен талаптарды дамытуға негізделген.*

#### **Аннотация**

*В статье поднимаются вопросы изменения социокультурной ситуации, активного развития новых форм искусства и их влияние на образовательный процесс в школе, который требует постоянного обновления с тем, чтобы соответствовать временности. В основе успешного освоения инноваций в педагогике лежат такие качества педагога как креативное мышления и педагогическое творчество, разработка единых критериев и требований к учащимся.*

#### **Abstract**

*Modern Art education in a socio and cultural context. The paper reveals the questions of sociocultural situation change, active development of new forms of art and the influence on an educational process at school, that requires the permanent updating with corresponding to contemporary situation. In basis of the successful mastering of innovations in pedagogics there are such features of teacher as creative thinking and pedagogical work, development of common criteria and requirements to the students.*

**Түйінді сөздер:** Білім беруді гуманизациялау, білім берудің интеграцияланған түрлері, педагогикалық шығармашылық, мәдени даму деңгейлері, инновациялық технологияларды игеру,